

ISSN 2073-333X

Международный научный журнал

**Қазақстанның ғылымы мен өмірі**  
**Наука и жизнь Казахстана**  
**Science and life of Kazakhstan**  
**6/2 2020**



**Әбу Насыр әл-Фараби**

**Құрылтайшы:**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

**Учредитель:**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

**Founder:**

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ  
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА  
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**

**Халықаралық ғылыми журнал  
Международный научный журнал  
International science journal**

**№6/2**

**Бас редактор – Алауханов Е.О.**

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

**Главный редактор – Алауханов Е.О.**

«Заслуженный деятель Казахстана», доктор юридических наук, профессор

**Editor-in-chief – Alaukhanov Ye.O.**

«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor of Law Sciences, professor

**Алматы 2020**

## МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

### ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

<b>Агыбаев А.Н., Куттығалиева А.Р.</b> ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ДОЛЖНОСТНЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ .....	20
<b>Aitkesh A.K., Bimoldanov Ye.M.</b> FEATURES OF FORMATION AND IMPLEMENTATION OF ANTI-CORRUPTION POLICY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AT THE PRESENT STAGE .....	23
<b>Akisheva N.K.</b> NORMATIVE REGULATION OF KAZAKHSTAN IN THE FIELD OF CULTURAL HERITAGE, THE ACCESSION OF KAZAKHSTAN TO THE BERNE CONVENTION .....	29
<b>Алибаева Г.А., Срапилов С.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ПАЙДАЛАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ .....	35
<b>Ахметов А.Т.</b> ЦИФРОВИЗАЦИЯ КАК КЛЮЧ К ПОВЫШЕНИЮ ДОВЕРИЯ НАСЕЛЕНИЯ К ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫМ ОРГАНАМ (НА ПРИМЕРЕ США И ВЕЛИКОБРИТАНИИ) .....	41
<b>Вартанян А.М., Джумабаева К.А.</b> ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ ПРАВ НАСЛЕДНИКОВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ПРАВ В СУДЕБНОМ ПОРЯДКЕ .....	46
<b>Галиакбарова Г.Г.</b> О СУДЕБНОМ ПОРЯДКЕ РАССМОТРЕНИЯ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ СПОРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН .....	52
<b>Дүйсенқызы Э., Тасбулатова А.А.-К.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПЕКИН ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ .....	58
<b>Ернишев К.А., Беисов Е.Ж., Ашимова Д.И.</b> БИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕКТІ ЗАТТАЙ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ АНЫҚТАУДЫҢ, АЛУДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ СОТ-МЕДИЦИНАЛЫҚ САРАПТАМАҒА ЖІБЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ .....	64
<b>Zhagypar Zh., Kukkozova E.</b> THE ROLE OF THE CONSTITUTION IN THE DEVELOPMENT OF CIVIL SOCIETY .....	69
<b>Ильясов К., Рүстембекова Д.</b> ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ .....	73
<b>Каппасов Е.Т.</b> ВЛИЯНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИЗМЕНЕНИЙ РЕЦИДИВА ПРЕСТУПЛЕНИЙ НА КРИМИНОЛОГИЧЕСКУЮ КАРТИНУ ПРЕСТУПНОСТИ .....	77
<b>Кемали Е.С., Сыздықов А.Ж.</b> СТАНОВЛЕНИЕ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННОГО СЕКТОРА КАЗАХСТАНА И ЕГО РОЛЬ В РАЗВИТИИ ИНСТИТУТОВ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА .....	81
<b>Койшыбайұлы К., Тажмагамбет А.С.</b> ТЕОРЕТИЧЕСКО-ПРАКТИЧЕСКИЕ ЗНАЧИМЫЕ ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ СТРАХОВОГО СЛУЧАЯ И СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ .....	88
<b>Колесников Ю.Ю.</b> ОСНОВНЫЕ ФУНКЦИИ И ОРГАНИЗАЦИОННАЯ СТРУКТУРА ДЕЖУРНЫХ ЧАСТЕЙ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ .....	94
<b>Колесников Ю.Ю.</b> ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ДЕЖУРНЫХ ЧАСТЕЙ ОВД КАЗАХСТАНА .....	98
<b>Копбаев Д.З., Қойшыбайұлы К.</b> КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ .....	103
<b>Махамбетсалиев Д.Б., Есекеева А.А.</b> ВЕРХОВНЫЙ СУД США КАК ИНСТИТУТ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ .....	107
<b>Мусаева А.Я., Бектурганова Р.Ш.</b> ДОГОВОРНЫЙ РЕЖИМ ИМУЩЕСТВА СУПРУГОВ .....	114

**Копбаев Думан Зикиринович,**  
заң ғылымдарының кандидаты,  
Алматы қаласы,  
e-mail: dumeke\_a@mail.ru

**Қойшыбайұлы Куаныш,**  
Доктор Ph.D., аға оқытушы,  
Құқықтық пәндер кафедрасы,  
Қайнар Академиясы,  
Алматы қаласы,  
e-mail: Kuan-K@mail.ru

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ**

***Аннотация:** Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы уақыт талабынан және жасөспірімдер арасындағы қылмыстан бір ғасырға жуық уақыт бойынша ешқандай өзгеріссіз қалып отыр.*

***Түйін сөздер:** қылмыстық заң, жасөспірімдер, жанұя, білім беру ордасы, қоғам, қылмыс, мемлекеттік орган, мектеп полиция инспекторы, жасөспірім психологы, жасөспірімдер қылмысын алдын-алу, мемлекеттік мәселе.*

***Аннотация:** Законодательство Республики Казахстан об уголовной ответственности несовершеннолетних остается неизменным на протяжении почти столетия и не соответствует требованиям времени и уголовного правонарушений несовершеннолетних.*

***Ключевое слово:** уголовный закон, несовершеннолетний, семья, общество, преступление, государственный орган, образование, школьный инспектор полиции, подростковый психолог, профилактика преступности среди несовершеннолетних, государственная задача.*

***Annotation:** The legislation of the Republic of Kazakhstan on the criminal liability of minors has remained unchanged for almost a century and does not meet the requirements of the time and criminal offenses of minors.*

***Key words:** criminal law, Juvenile, family, society, crime, public authority, education, school inspector of police, adolescent psychology, prevention of juvenile delinquency, state task.*

Қазақстан Республикасы Конституциясы [ҚР Конституциясы, 1995] негізінде кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және жасөспірімдердің қадағалаусыз және қараусыз жүруінің алдын алу жөніндегі заңнамаларда қалыптастырылған. Олар: «Неке және отбасы туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Еңбек туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Дене тәрбиесі және спорт туралы» «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдары, кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссиялардың, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер және т.б.

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ жас ұрпақтарын тәрбиелеуде «Ата заң» нормативтерін жүйелі қолдану арқылы құқықтық тәрбие мәселесіне назар аудару – басты мақсатымыз [ҚР Президентінің Халыққа Жолдауы].

Жастар арасында заң бұзушы әрекеттердің деңгейі ата-аналардың білімі мен мәдениет деңгейіне тікелей байланысты. Ертеректе мәдениеті төмен жанұяларда балалар қылмысы мәдениеті жоғары жанұялармен салыстырғанда анағұрлым жоғары болатын.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы мәліметі бойынша, кәмелеттік жасқа толмаған 100 мыңнан астам бала Ішкі істер министрілігінің бақылауында, 12 мыңнан астам күнкөрісі төмен отбасы тіркелген, бұл жанұяларда 16 мыңнан астам бала бар. Жасөспірімдердің қолынан 2015 жылы 23 азамат өлім құшқан. Бұған қоса жүздеген ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, ұрып-соғу деректері де тіркеліп отыр.

Ал, қазіргі кезде бұл тенденция керісінше болып, жасөспірімдер арасындағы ауыр және өте ауыр қылмыстар мәдениеті жоғары жанұя жеткіншектерімен жасалып келеді. Балалар үлкендерге еліктейді,

ең алдымен өз ата-аналарына, сондықтан олардың мінез-құлық тәртібі балалардың мінез-құлық тәртібін қалыптастыратын маңызды фактор болып табылады.

Жасөспірімдер мәселесі жөнінде өз пікірін Білім және ғылым экс-министрі Ерлан Сағадиев білдіріп өтті. Оның ойынша, елімізде ата-аналардың балаларына деген жауапкершілігі төмендеу себебі: "Ата-анасы үнемі жұмыста болғандықтан, балаларына тәрбие беруге уақыттары жоқ. Мұндай жандардың көпшілігі мемлекеттік қызметкерлер. Қазіргі уақытта ата-аналар жиналысына бүкіл ата-аналардың 10-15% ғана қатысады. Біздің есебіміз бойынша, 11 жыл ішінде ата-аналардың 50% мектепке мүлдем бармаған." – деп атап көрсетті басшы.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың құқық санағынан да өршіп тұр. Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің құқықтық санақ мәліметтеріне сүйенсек, 2009 жылы облыста жасөспірімдер қолымен жасалған 186 қылмыс тіркелсе, 2010 жылы бұл көрсеткіш 5,1 пайызға өсе түскен. Бір өкініштісі, жалпы, кәмелетке толмаған жасөспірімдер жасаған қылмыстың 91-і (48,9 пайызын) оқушылар қолымен істелген. Қылмыстық оқиғалардың 116-сы Тараз қаласында, 70 қылмыс аудандарда орын алған. Балалар жасаған қылмыстың қатарында ұрлық жасаушылар ең көп тіркелген болса, қарақшылық шабуыл жасау, денеге ауыр жарақат салу, қаруды заңсыз сақтау сынды қылмыстарға барғандар да көп. Ең сорақасы, олардың арасында 11 жастағы жасөспірімдердің қолымен 3 кісі өлтіру, 3 зорлық жасау сынды ең ауыр қылмыс түрлері де кездесіп отыр. Тараздағы жасөспірімдер арасындағы қылмыстың осылайша үдеп тұрғаны туралы Парламент мінбесінен де айтылды. Тіпті қайғылы жағдайлар туралы Елбасы Н. Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа жолдауында ерекше аталып көрсетіліп келеді. Неге екенін қайдам, бұл іс Елбасының құлағына жетсе де осы күнге дейін тізгінделмей тұр. 2018 жылдың басынан бері Тараз қаласында мектеп оқушыларының қатысуымен 8 ірі қылмыстық оқиға тіркелген. Соның ішінде тағы да төбелестен екі жасөспірім қайтыс болған. Осы істерге байланысты облыс прокуроры мен ішкі істер департаментінің басшылары да ауысқан еді. Бірақ, қанша жерден «шара қолданылса» да бәрі бір Тараздағы төбелес тоқтар емес.

Лауазымды қызметкерлердің (*прокурор т.б. құқық қорғау органдары басшыларының*) қызметінен ауысуы бұл саяси жүйенің ішкі мәселесі және мемлекеттік қызметтің бұл әрекеттері жасөспірімдер арасындағы жасалып отырған өте ауыр қылмысқы тосқауыл болып отырған жоқ.

Айта кетер тағы бір жайт, бұл салада тек қана Тараз қаласы көзге түсіп келе жатқаны болмаса, жоғары сыныптағылардың төменгі сыныптарға салатын «салығы» (орысша – *«по понятиям»*) салдарынан болатын мұндай «төбелестер» Республиканың барлық мектептерінде ерекше орын алатыны жасыруға болмайтын ақиқат. Бұл жүйенің төркіні тереңнен басталғаны сондай халықтың да, оқушының да әлде қашан еті үйренген. «Кеңес Одағынан» қалған сарқыншақ екенін еске алғанда кешегі қызыл коммунистердің қазақты татуластырмау үшін арамызға ірткі салуды мектептен бастаған болса керек деген ой туады. Сол жүйе күні бүгін мектеп оқушыларынан тартып, университет қабырғасына дейін жалғасып келе жатыр. Әлімжеттілік пен «салықтың» салдарынан әлденеше оқушы өз-өзіне қол жұмсап, көз жұмған, қаншама студент зардап шеккенін есептеген ешкім жоқ. Бұл іс тек облыс, аудан директорлары мен прокурорларды алмастырып қолданған «шарасынан» тоқтайтын түрі жоқ. Бүкіл Республика болып ат салысып, мектептер мен университет қабырғаларындағы жүйені өзгертіп, жастар мен жасөспірімдер арасындағы қақтығысты жоюға заң шеңберінде тырыспасақ, оқушыларымыз білімнің емес, білектің бәсекесін қоймайтын түрі бар [*О. Сапархан*].

Ал, қылмыстық әрекеттегі жасөспірімдер Республика бойынша жалғыз Шығыс Қазақстан облысының Белоусовка ауылындағы ерекше режимдегі арнайы мектебіне жіберілуі тиіс. Алайда соңғы жылдары бұл мекеме еліміздің білім және ғылым министрлігінің саласынан қаржыландырудың жоқтығына байланысты басқа өңірлердің балаларын қабылдаудан бас тартып келеді.

Оқушылардың бір бөлігінің сапалы білім алуына олардың тәртіпсіздігі мен қылмыс жасауға даярлығы кесірін тигізуде. Елімізде «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңы жайдан жай қабылданған жоқ. Ішкі істер министрлігі кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түн мезгілінде көше кезуіне тыйым салатын заң қабылданды. Онда бұдан былай сағат 23.00 – 06.00-ға дейінгі түнгі уақыттарда тұрғын жайлардан тыс жерлерде, қасында ата-анасы, заңды өкілі жоқ, өз бетімен жалғыз, топпен жүрген кәмелетке толмаған жастар әкімшілік жауапқа тартылатындығы нақты бекітілген.

16 мамыр 2016 жылы Парламент Мәжілісінің отырысында депутаттар еліміздің ішкі істер министрі Қ. Қасымов мырзадан жұрт түнде көңіл көтеретін орындарда қатаң тәртіп орнатуды талап етіп

отырғанын жеткізген болатын. Басқа қаланы айтпағанда, Астанада жеңіл жүрісті қыздар мен ішімдік және нашакорлар бас қосатын кафе, бардың қаптап кеткені соншалық тіпті АҚШ – тың атышулы Лас Вегас қаласы жолда қалып отыр.

Сондықтан, кешкі 21-00 ден кейін спирттік ішімдікті сатуға заңмен қатаң тиым салынды [<http://sputniknews.kz>].

Әрине, қылмыс істегендерге қарсы күрес бірінші кезекте полиция, прокуратура, соттың тікелей міндеті. Бұл органдардың қызметкерлері халық арасында заң тәртіптерін түсіндіру жұмыстарын, облыстағы, қаладағы, ауылдағы құқық тәртібінің жайын кеңірек хабарлап, өздерінің осынау қауіпті де ауыр жұмыстары жөнінде ауызекі (формальды) түрде жүргізілмей көпшілік жастар арасында жиі-жиі әсерлі кездесулер жүргізіліп отырса игі болар еді деген ұсыныс білдіріп отырмыз.

Міне, сондықтан да заң категориялары мен ол туралы түсінікті адамның рухани дүниесі қалыптасатын балалық шағында, яғни неғұрлым ертерек кезеңде сіңіре білу керек. Азаматтар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны өзгелердің және мемлекеттің мүддесін е қайшы келтірмей түсініп саналы орындауы, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі тиіс. Заңгер ғалымдар Ф. Сапарғалиев және А. Ибраева өз еңбектерінде: «Тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Ал мұның өзі құқықтық ұйғарымдарды жете түсініп барып орындаудан білінеді (көрінеді)» – деп атап көрсеткен [Ф. Сапарғалиев, А. Ибраева, 2007].

Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың артуына бірден-бір себеп – тәжірибелі мектеп инспекторлары мен психолог мамандардың, қоғамның мен мемлекеттік құзырлы органдардың бейтараптығы және тәртібі қиын балаларды оқытатын арнайы мемлекеттік мекемелердің де жетіспеушілігі зор әсерін тигізіп отыр деген тұжырым жасауға тура келіп отыр.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы заңнама уақыт талабынан және жасөспірімдер арасындағы қылмыстан 81 жылдай, яғни бір ғасырға жуық уақыт бойынша ешқандай өзгеріссіз қалып отыр.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің даму тарихына көз жүгіртетін болсақ:

1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР-інің Қылмыстық кодексінің II (қылмыс туралы) Бөлімінің 10 бабы Кәмелетке толмағандардың жауаптылығына арналған. Бұл баптың талаптары бойынша: «Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қылмыс жасаған адамдар тек кісі өлтіргені, денсаулыққа зиян келтіргені, зорлау, тонау, ұрлау, зиянды немесе ерекше зиянды бұзақылық, қасақана жою немесе мемлекетке немесе қоғамдыққа зиян келтіргені үшін жауап береді. Сонымен қатар, ауыр зардаптарға, атыс қаруын, оқ-дәрілерді немесе жарылғыш заттарды ұрлау, есірткіні ұрлауға әкеп соқтырған азаматтардың мүлкі немесе жеке мүлкі заттар, сондай-ақ пойыздың құлауына әкеп соқтыратын әдейі жасалған әрекеттер үшін жауап береді» [[zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167](http://zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167)].

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі N 167 Қылмыстық Кодексінің 6-бөлімінің (Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы) 78-бабы (Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы) бойынша:

«1. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін» [[zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167](http://zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167)].

Ал, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық Кодексінің 6-бөлімінің (Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы) 80-бабы (Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы) бойынша:

1. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін [[https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj\\_kodeks/80.ht](https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/80.ht)].

Сондықтан, ұсыныс ретінде жасөспірімдер арасындағы жасалып жүрген ауыр және өте ауыр қылмыстырға тосқауыл қою мақсатында заңдылықты жоғары қадағалаушы мемлекеттік орган – Бас прокуратура өз тарапынан басқа да құқық қорғау органдарымен бірлескен заң жобасын дайындап,

жасөспірімнің жасаған өте ауыр қылмысы үшін қылмыстық жауапкершілікке 11 жастан тартуға Парламент пен Президентке нақты ұсыныс беруі қажет деп санаймыз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз
2. ҚР Президентінің Халыққа Жолдауы
3. Тараздағы төбелес тоқтар емес. Оразбек Сапархан. <http://www.qazaquni.kz/2011/06/03/7479.html>
4. "Ауыр қылмысты" тізгіндедік, ұры-қары көбейіп кетті. Астана, 5.10. 2016– Read more: <http://sputniknews.kz/society/20161005/774689.html> ПИМ:
5. Ғ. Сапарғалиев, А. Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы» Алматы, 2007.
6. [zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167\\_](http://zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167_)
7. [zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167\\_](http://zakon.uchet.kz/kaz/docs/K970000167_)
8. [https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj\\_kodeks/80.htm](https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/80.htm)